

Тексерілді:

«Нұрби» мектеп-бабасжай-балабақша
кешені меңгерушісі **Мираманова М.А.**



АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан»

Орындаған: Амирова Ж.А.

Тақырыбы: Біздің Отанымыз-Тәуелсіз Қазақстан!

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің болашағы-жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып,туған жері мен елін сүйуге,оны қорғай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері:
Туы,елтаңбасы,әнұраны, слайд,желтоқсан құрбандарының суреттері,жалаушалар.

Жүргізуші:Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды даламыз.

Біз бақытты баламыз,- дей отырып «Біздің отанымыз-тәуелсіз Қазақстан» атты ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.

-Балалар,біз қандай ән орындадық?

-Қазақстан Республикасының әнұранын орындадық.

-Дұрыс айтасыңдар, балалар.Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны,туы,елтаңбасы болады.Біз оны рәміздер деп атаймыз.

Қуан халқым!

Қуанатын күн бүгін,

Серпін таста мұңды жүрек түндігін

Шарықтайық,шаттанайық,тынбайық

Тәуелсіздік күнін бүгін,

Халқым бірге тойлайық!

Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз.Отан әр жұмырбасты пенденің киелі мекені,жер басып жүрген әр тіршілік иесінің шексіз байлығы.Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оның бір мүшесі. Біздің балаларымыз тәуелсіздік туралы тақпақтарын айтып берсін.

Нұрай: Еліне қашанда сенер ұлын,

Елбасы болды қазағымның.

Раяна: Тәуелсіздікті елге сыйлады,

Бейбітшілікті қалады.

Нұрислам: Елбасымыз саған мәңгі ризамыз,

Үлкен-кіші, ағайындар бәріміз.

Амирхан: Бас алаңда ел жосқан,

Жастар қаны жуған түн.

16 желтоқсан –

Тәуелсіздік алған күн.

Адия: Аралаймын алаңды,

Тәуелсіздік күні мен

Батыр Қайрат ағамның,

Суретіне үңілем.

Адина: Он алтыншы желтоқсан,

Тәуелсіздік алған күн.

Ерекше боп мәңгілік,

Ел жадында қалған күн.

Айым: Он алтыншы желтоқсан

Ел мерейі тасыған.

Қазақ деген қалың жұрт,

Бәрін кешті басынан.

Жасұлан: Елбасымыз Нұрағаның бастауы,

Туды ұстап тура жолға түсірген.

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар енді тақтаға назар аударайықшы (слайд).

Біздің ата-бабаларымыз, ата-әжелеріміз тәуелсіздікке оңай жеткен жоқ. Биыл

біздің тәуелсіздігімізге 26 жыл толып отыр. Біздің тәуелсіздігіміздің дәлелі - ол

біздің елтаңбамыз, туымыз және де әнұранымыз. Қолдарымыздағы жалаушаларға назар аударайықшы. Бұл біздің-туымыз. Біздің туымыздың ортасында сәуле шашқан жарқын күніміз орналасқан.

-Біздің күннің пішіне неге ұқсайды?

-Дұрыс айтасындар допқа, шарға ұқсайды. Ал күніміздің астыңғы жағында қыран бүркітіміз орналасқан. Қыран бүркіт бұл еркіндіктің, бостандықтың белгісі. Ендеше жаңа айтқан күніміздей шеңбер болып тұра қалайық.

Сергіту сәті:

ÿ Әппақ болып таң атты, Топ-топ, топ басайық,

Түтін тіке шығады. Жалаудан күн жасайық.

Қыран бүркіт қанатын, Жаса, жаса алтын күн

Самғап биік ұшады. Жаса, жаса жарқын күн.

Ән: Ел қорғауға әзірміз.

Жүргізуші: Осымен «Еркетай» тобы балаларының «Біздің Отанымыз-Тәуелсіз Қазақстан» атты ертеңгілігі аяқталды. Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!